

Режим доступа URL: <https://www.dissercat.com/content/formirovanie-issledovatel'skoi-kompetentsii-budushchikh-uchitelei-inostrannogo-yazyka>.

8 Baktybaev G.K. Issledovatel'skaya kompetenciya obuchayushchihsya na urokah russkogo yazyka i literatury. Potencial Filologa, №1 (53) 2023, str23-25

9 Szabó, Dani, 2020. D. Szabó, E. Dani, The Digital Space Dimension in Education. A Review on a PILOT Research, Acta Universitatis Sapientiae Social Analysis, vol. 10: 2010, pp. 159-174.

10 Slepneva, K. A. (2017). Research Competence of Masters in the Field “Pedagogical Education”: Analysis Concept. International Research Journal, 1(55), 56-58.).

11 University of Debrecen, Hungary. Doctoral Program on Educational and Cultural sciences e-mail: szabo.dora@arts.unideb.hu ORCID: 0000-0002-1547-2073 could-be teachers' digital/information literacy competencies in the world of contradictory information

12 Lamanauskas, V., & Augienė, D. Development of Scientific Research Activity in University: A Position of the Experts. Procedia – Social and Behavioral Sciences, 167, 131-140.

13 Adilzhanova U.R. Dzhusubalieva D.M., - «Lingvokulturologicheskaya kompetenciya kak odna iz vazhnykh kompetentsiy v poiskovo-issledovatel'skoj deyatel'nosti studentov inoyazychnogo vuza». Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii na temu: «Innovacionnye resheniya socioekonomicheskikh i tekhnologicheskikh problem sovremennogo obshchestva», Obrazovatel'naya Avtonomnaya Nekommercheskaya Organizaciya Vysshego Obrazovaniya «Institut Mirovoj Ekonomiki I Finansov», Astrahan' (Rossiya)2021, S.10-16

14 Vystuplenie Prezidenta RK na avgustovskoy konferencii pedagogov. 16 avgusta 2019 g. URL: <https://kazpravda.kz/n/vystuplenie-prezidenta-rk-na-avgustovskoy-konferentsii-pedagogov/> (Data obrashcheniya 14.03.24 g.)

15 U.R. Adilzhanova, D.M. Dzhusubalieva AO «Kazahskij universitet mezhdunarodnykh otnoshenij i mirovykh yazykov im. Abylay hana» g. Almaty, Respublika Kazahstan. «Principy kak vazhnyj faktor formirovaniya poiskovo-issledovatel'skoj kompetencii budushchikh uchitelej inostrannogo yazyka obrazovatel'naya». Avtonomnaya nekommercheskaya organizaciya vysshego obrazovaniya institut mirovoj ekonomiki i finansov nacional'nye modeli ekonomiki, kul'tury i obrazovaniya v novoj real'nosti Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii s oncho-zaonchnym formatom uchastiya. Astrahan', 14 noyabrya 2022, S.15-20

FTAMP 14.35.31

DOI: <https://doi.org/10.59102/pedagogical/2025/iss3pp28-38>

Д.Д. Джантасова, А.А. Токумбаева, Д.Л. Ховдабай

Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ. e-mail: dina_1708@mail.ru

ORCID: 0000-0003-2595-3249

ORCID:0000-0002-2551-9154

ORCID: 0000-0002-0460-1810

ҚАЗАҚСТАН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДЫ ЕНГІЗУ ҮРДІСТЕРІН ТАЛДАУ

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында шетел тілдерін инклюзивті оқытуды енгізудің қазіргі заманғы үрдістері мен негізгі бағыттары жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің ғылыми және практикалық өзектілігі – жаһандану жағдайында жіне үштілділік мемлекеттік саясатын жүзеге асыру барысында ерекше бәлем беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар студенттердің сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етудің жүйелі тетіктерін құру қажеттілігімен байланысты.

Жүргізілген зерттеу шеңберінде Қазақстанның нормативтік-құқықтық базасы,

сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың отандық және шетелдік тәжірибесі талданды. Шетел тілдерін оқыту үрдісінде инклюзивті тәжірибелерді енгізуге кедергі келтіретін бірқатар негізгі мәселелер анықталды. Оладың қатарына мыналар жатады: оқытушылардың дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі, бейімделген оқу-әдістемелік материалдардың тапшылығы, инфрақұрылымдық және цифрлық ресурстардың әлсіздігі, сондай-ақ ЕБҚ бар студенттердің академиялық ұтқырлық мүмкіндіктерінің шектеулілігі.

Мақалада инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар берілді: педагогтарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту, цифрлық технологияларды кеңінен енгізу, жоғары оқу орындарында арнайы қолдау қызметтерін құру және студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеретін оқу бағдарламасын бейімдеу. Авторлар ЕБҚ студенттердің когнитивтік, сенсорлық және әлеуметтік қажеттіліктерін ескеретін бейімделген әдістемелерді әзірлеуге бағытталған ғылыми зерттеулерді жалғастырудың маңыздылығын атап өтті.

Кілтті сөздер: инклюзивті білім беру, шетел тілдерін оқыту, ерекше білім қажеттіліктері бар студенттер (ЕБҚ), үштілділік, жоғары білім, педагогикалық инновациялар, цифрлық технологиялар, бейімделген әдістемелер.

KIPISPE

Қазіргі кезеңде инклюзивті білім беру әлемдік білім беру жүйелерін дамытудың жетекші бағыты ретінде айқындалуда. Бұл үрдіс оқытудың селективті, оқушыларды белгілі бір ерекшеліктеріне қарай бөліп оқыту үлгісінен барлық білім алушыларға тең мүмкіндік беруді көздейтін жаңа үлгіге көшу қажеттілігін көрсетеді. Қазақстан Республикасы әлемдік білім беру кеңістігінің бір бөлігі бола отырып, инклюзивті білім беру идеяларын белсенді түрде жүзеге асыруда. Бұл бағыт стратегиялық құжаттарда, соның ішінде 2021 жылғы «Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және 2020-2025 жылдарға арналған Білім және ғылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасында көрініс тапқан [ҚР Заңы, 2021; ҚР БҒМ, 2019].

Инклюзивті білім беру парадигмасы әрбір студентке, оның физикалық, сенсорлық немесе когнитивтік шектеулеріне қарамастан, сапалы білім алуға, сондай-ақ өзінің тұлғалық және кәсіби әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін оқу ортасын қалыптастыруды көздейді. Шетел тілдерін оқыту саласында бұл ұстаным ерекше маңызға ие. Өйткені ХХІ ғасырда шетел тілдерін меңгеру – мәдениетаралық коммуникацияның негізгі құралы, сондай-ақ тұлғаның әлеуметтік бейімделуі мен кәсіби табысының маңызды шарты болып табылады [Aincow, Booth, Dyson, 2006].

Жаһандану мен цифрландыру жағдайында шетел тілін меңгерген студенттер халықаралық білім беру ресурстарына, кәсіби тәжірибеге және академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қол жеткізе алады. Сонымен қатар олар әлемдік қоғамдастықта еркін интеграциялануға мүмкіндік алады [Florian, Black-Hawkins, 2011]. ЕБҚ бар студенттер үшін шетел тілін меңгеру тек қарым-қатынас жасау құралы ғана емес, сонымен бірге олардың әлеуметтік интеграциясының, қоғамда өзін еркін сезінудің және әлеуетін жүзеге асырудың кепілі болып табылады.

Алайда Қазақстандағы жоғары оқу орындарында шетел тілдерін инклюзивті оқыту тәжірибесін жүзеге асыру барысында бірқатар қиындықтар кездеседі. Олардың ішінде – педагог кадрларының жеткіліксіз даярлығы, әдістемелік тұрғыдан бейімделген оқу құралдарының тапшылығы, материалдық-техникалық және цифрлық ресурстардың әлсіздігі.

Осыған орай, бұл зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы жоғары оқу орындарында шетел тілдерін оқытуға инклюзивті білім беру идеяларын енгізудің негізгі үрдістерін талдау, бар қиындықтарды анықтау және оларды еңсерудің тиімді жолдарын ұсыну.

МЕТОДОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Инклюзивті білім беру қазіргі педагогикалық ғылымда білім беру жүйелерін дамытудың стратегиялық бағыты ретінде қарастырылады. Оның басты мақсаты – барлық білім алушыларға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, олардың әлеуметтік мәртебесіне, денсаулық жағдайына немесе когнитивтік мүмкіндіктеріне қарамастан сапалы білім алуға мүмкіндік жасау. Инклюзивті парадигма дәстүрлі білім беру үлгісінен түбегейлі айырмашылығы бар: ол студенттерді ерекшеліктеріне қарай бөлуді емес, керісінше білім беру ортасын әрбір білім алушының қажеттіліктеріне бейімдеуді көздейді [UNESCO, 2020].

Шетел тілдерін оқыту контекстінде инклюзивті білім берудің теориялық-әдіснамалық негізін бірнеше негізгі тәсілдер айқындайды. Әр тәсілдің өзіндік ғылыми-әдістемелік маңызы бар және олардың үйлесімді интеграциясы студенттердің әртүрлілігін ескеретін сапалы оқу ортасын құруға мүмкіндік береді.

Дефектологиялық немесе коррекциялық тәсіл тарихи тұрғыда арнайы педагогика аясында қалыптасқан. Бұл бағыт ЕБҚ бар білім алушылардың бұзылған функцияларын өтеу мен компенсациялау міндеттерін шешуге бағытталған. Шетел тілдерін оқыту саласында дефектологиялық тәсіл белгілі бір топтағы студенттерге – есту, көру, сойлеу немесе когнитивтік дамуында шектеулері барларға – бейімделген арнайы әдістемелерді қолдануды білдіреді [Левина, 2020].

Бұл тәсілдің артықшылығы – оның нақтылығында, яғни студенттің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған әдістемелердің тиімділігінде. Алайда оның әлсіз жағы – оқыту үдерісін шамадан тыс фрагментациялау қаупі. Егер әрбір категория үшін жеке әдістемелер қолданылатын болса, ортақ инклюзивті білім беру ортасының қалыптасуына кедергі келуі мүмкін. Сондықтан бұл тәсілді заманауи жағдайда басқа әдіснамалармен интеграциялау қажет.

Әлеуметтік-мәдени тәсіл білім беруді қоғамға толыққанды кірігу мен мәдениетаралық коммуникацияның құралы ретінде қарастырады. Бұл тұрғыдан алғанда, шетел тілдерін меңгеру тек тілдік білім мен дағдыны дамыту ғана емес, сонымен қатар студенттердің әлеуметтік ортада еркін әрекет етуіне, олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына мүмкіндік береді [Slee, 2011].

ЕБҚ бар студенттер үшін әлеуметтік-мәдени тәсіл ерекше маңызды, себебі ол олардың білім алуын тек академиялық деңгейде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік интеграция деңгейінде де қолдайды. Шетел тілдерін бәлу арқылы студенттер халықаралық жобаларға қатысуға, әріптестік байланыстар орнатуға және мәдениетаралық диалогқа араласуға мүмкөндөк алады.

Тұлғаға бағдарланған тәсіл білім беру үдерісін студенттің жеке ерекшеліктеріне, танымдық мүмкіндіктеріне, оқу қарқыны мен мотивациясына сәйкестендіруге бағытталған. Бұл тәсілде оқытушы студенттің жеке оқу траекториясын құрушы ретінде қарастырылады. Шетел тілдерін оқытуда тұлғаға бағдарланған тәсіл әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды, мультимедиялық ресурстарды, сандық платформаларды қолдануды, сондай-ақ бейімделген бағалау жүйелерін енгізуді қамтиды [Rose, Dalton, 2009].

Мысалы, есту қабілеті шектеулі студентке сабақта қосымша субтитрлер ұсынылады, ал көру қабілеті төмен студентке оқу материалдары үлкейтілген қаріппен немесе дыбыстық форматта беріледі. Бұл тәсілдің артықшылығы – студенттің оқуға деген ынтымақын арттыру және оқу үдерісін қолайлы ету.

Инклюзивті педагогикалық тәсіл қазіргі кезеңде кеңінен қолданылып келе жатқан интегративті модель болып табылады. Бұл тәсілдің мәні – әртүрлі қажеттіліктері бар студенттердің ортақ аудиторияда бірлесіп білім алуы. Оқытушының рөлі дәстүрлі білім берудегі «бәләм тасымалдаушыдан» өзгеше: ол білім алушылар арасындағы ынтымақтастық пен өзара қолдауды дамытатын фасилитатор ретінде әрекет етеді [Florian, Black-Hawkins, 2011].

Инклюзивті педагогика студенттердің тең құқықтылығын мойындайды және олардың

әрқайсысының ерекшелігін білім беру үдерісінің байыту көзі ретінде қарастырады. Мұндай тәсілде топтық жұмыс, бірін-бәре оқыту, бірлескен жобалар ерекше орын алады. Шетел тілдерін оқыту тәжірибесінде бұл модель студенттердің коммуникативтік құзіреттілігін арттыруда айрықша тиімді болып табылады.

Қазақстандық жоғары оқу орындары жағдайында шетел тілдерін оқытудың инклюзивті әдіснамалық негіздері жоғарыда аталған тәсілдердің интеграциясын қажет етеді. Ғни дефоктологиялық әдістерді әлеуметтік-мәдени және тұлғаға бағдарланған тәсілдермен ұштастыру, ал олардың барлығын инклюзивті педагогиканың ортақ қағидаттарына сәйкестендіру маңызды. Сонымен қатар цифрлық технологиялардың енгізілуі бұл синтездің тиімділігін күшейтеді, себебі заманауи сандық құралдар оқу материалдарын бейімдеуге, әртүрлі форматта ұсынуға және оқытуды жекешелендіруге мүмкіндік береді.

Осылайша, шетел тілдерін инклюзивті оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері көпқырлы болып табылады және студенттердің алуан түрлі қажеттіліктерін ескеретін интегративті модельді қалыптастыруға бағытталған. Қазақстан жағдайында ең болашағы бар бағыт - коррекциялық технологияларды, цифрлық шешімдерді және мәдениетаралық компонентті біріктіретін кешенді тәсілді дамыту.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Қазақстан Республикасында соңғы онжылдықта инклюзивті білім беруді дамыту мемлекеттік білім беру саясатының стратегиялық басымдықтарының бірі ретінде қарастырылуда. Инклюзивті қағидаттарды іске асыруға бағытталған шаралар «Білім мен ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» [ҚР БҒМ, 2019] және 2023 жылы бекәтәлген «Инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі Жол картасында» көрініс тапты. Бұл құжаттар Қазақстандағы жоғары оқу орындарына ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін қолжетімді орта қалыптастыруды міндеттейді.

Практика жүзінде инклюзивті білім беруді енгізу көпқырлы бағыттарды қамтиды: нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, инфрақұрылымдық қолдау, педагог кадрларды даярлау, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, цифрлық технологиярды қолдану және әлеуметтік интеграция.

Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету. 2021 жылғы 26 маусымда қабылданған «Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актәлерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы инклюзивті білім беруде институционализациялаудың маңызды қадамы болды. Бұл заң жоғары оқу орындарына ЕБҚ бар студенттер үшін тең оқу жағдайларын қамтамасыз ету міндетін жүктеді.

Дегенмен заңнамалық негізінің болуы жеткіліксіз. Университеттер деңгейінде оның орындалуы біркелкі емес. Кейбір жетекші ЖОО-ларда арнайы инклюзивті білім беру орталықтары, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтері ашылып, нақты іс-шаралар атқарылуда. Ал бірқатар өңірлік оқу орындары көбіне құжаттық сипаттағы өзгерістермен шектелуде. Бұл инклюзивті білім беруді шы жүзінде жүзеге асырудың тиімділігін төмендетеді.

Инфрақұрылымдық қолдау. Инклюзивті білім берудің табысты болуы ең алдымен университеттердің инфрақұрылымдық мүмкәндәктерәне байланысты. Соңғы жылдары кейбір ЖОО-ларда студенттерге қолайлы жағдай жасау үшін елеулі жұмыстар жүргізілуде (пандустар орнату, арнай жабдықталған аудиториялар ашу, Брайль қарпіндегі оқу материалдарын әзірлеу, техникалық оқу құралдарын қолдану).

Мысалы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Инклюзивті білім беру орталығы жұмыс істейді. Бұл орталықта көру және есті қабілеті шектеулі студенттер оқу процесінде қосымша қолдау алады. Дегенмен мұндай бастамалар әзірге жекелеген университеттермен шектелуде және республикадағы барлық жоғары оқу орындарын қамти алмай отыр.

Педагог кадрларды даярлау. ЕБҚ бар студенттермен жұмыс істейтін оқытушылардың

кәсіби даярлығы инклюзивті білім берудің табысты жүзеге асырылуының негізгі факторы болып табылады. Алайда зерттеулер көрсеткендей [Ахметова, 2020; Кудайбергенова, 2021], Қазақстандағы шетел тілі оқытушыларының басым бөлігі инклюзивті педагогика бойынша арнайы даярлықтан өтпеген. Олардың көпшілігі бейімделген тапсырмаларды құрастыруда, бағалау жүйесін икемдеуге немесе ерекше қажеттіліктері бар студенттермен коммуникация орнатуда қиындықтарға тап болады. Бұл мәселені шешу үшін жүйелі түрде біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, магистратура мен докторантура бағдарламаларына «Инклюзивті педагогика» модульдерін енгізу қажет.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету. Инклюзивті білім берудің сапасын айқындайтын тағы бір маңызды фактор – бейімделген оқу құралдарының жеткіліктілігі. Қазіргі кезде қазақстандық университеттерде шетел тілдері бойынша қолданыстағы оқу-әдістемелік кешендердің басым бөлігі ЕБҚ бар студенттердің ерекшеліктерін ескермейді.

Мысалы, есту қабілеті шектеулі студенттерге арналған оқулықтарда мәтінге толық субтитрлер берілмейді, көру қабілеті төмен студенттер үшін арнайы аудиоматериалдар жеткілікті емес. Көп жағдайда оқытушылар өз бетінше бейімделген материалдар әзірлейді, бірақ мұндай жұмыстардың сапасы мен стандартталуы әртүрлі деңгейде қалып отыр [Хакимжанова, 2022].

Цифрлық технологияларды пайдалану. Қазақстанда соңғы жылдары қашықтықтан білім беру белсенді дамуда. Алайда ЕБҚ бар студенттер үшін бейімделген цифрлық платформалар әлі толық қалыптасқан жоқ. Жекелеген университеттерде субтитрлер бар бейнематериалдар, автоматты дыбыстық сүйемелдеу және оқу қарқынын реттеу мүмкіндігі бар онлайн-курстар әзірленуде [Мухамбетова, 2022]. Бұл тәжірибелер тиімді болғанымен, олар әлі жаппай сипат ала қойған жоқ.

Цифрлық технологияларды кеңінен қолдану үшін мемлекет пен ЖОО арасындағы әріптестікті күшейту, сонымен қатар IT-компаниялармен бірлесіп арнайы білім беру қосымшаларын әзірлеу маңызды.

Әлеуметтік интеграция. Инклюзивті білім берудің басты қағидаттарының бірі – университет ортасында толеранттық мәдениетін қалыптастыру. Кейбір оқу орындарында студенттер мен оқытушылар арасында түсіністік пен өзара құрметті арттыруға бағытталған тренингтер, дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізілуде.

Дегенмен, бұл шаралар көбіне эпизодтық сипатқа ие және тұрақты университеттік саясатқа айнала қойған жоқ. Ал инклюзивті орта қалыптастыру үшін әлеуметтік қолдау іс-шараларды жүйелі түрде жүргізіліп, бүкіл университет қауымдастығын қамтуы тиіс.

Жалпы алғанда Қазақстан ЖОО-ларында инклюзивті білім беруді енгізу тәжірибесі оң үрдістерге ие. Нормативтік-құқықтық база қалыптасып келеді, инфрақұрылым біртіндеп бейімделуде, педагог кадрларды даярлау бойынша да бастамалар бар. Дегенмен, негізгі мәселелер (ресурстардың шектеулілігі, оқытушылардың жеткіліксіз даярлығы, бейімделген ідстемелік құралдардың тапшылығы, цифрлық шешімдердің баяу енгізілуі және де әлеуметтік интеграция шараларының жүйесіздігі) әлі де шешімін таппаған. Бұл проблемаларды шешу үшін кешенді тәсілдер қажет. Ол нормативтік деңгейде бекітіліп қана қоймай, университеттердің күнделікті тәжірибесіне нақты енгізілуі тиіс.

Жоғарыда көрсеткендей, шетел тілін инклюзивті оқытуды ұйымдастыру кешенді тәсілді қажет етеді. Төменде бірқатар мемлекеттердің тәжірибесі қарастырылады.

Ұлыбритания инклюзивті педагогиканы дамытуда көшбасшы елдердің бірі саналады. Елде Л. Флориан мен К. Блэк-Хокинс ұсынған «Inclusive pedagogy» тұжырымдамасы кеңінен таралған [Florian, Black-Hawkins, 2011]. Бұл модельдің негізгі мәні – студенттердің барлығы, олардың білім алу ерекшеліктеріне қарамасан, ортақ аудиторияда білім алады, ал оқытушы олардың қажеттіліктерін ескеріп, сараланған әдістерді қолданады. Шетел тілдерін оқытуда бұл концепция келесі должармен жүзеге асады:

- бейімделген материалдарды пайдалану (әртүрлі дайындық деңгейіндегі студенттер үшін);
- есту қабілеті шектеулі студенттерге арналған синхронды аударма мен субтитрлер;

- көру қабілеті шектеулі студенттер үшін әріп пен түстерді өзгертуге мүмкіндік беретін электрондық оқулықтар.

Сонымен бірге, Ұлыбританияда педагогтарды даярлауға ерекше назар аударылады. Көптеген университеттерде магистратура бағдарламалары бар, онда инклюзивті педагогика бойынша мамандар арнайы дайындықтан өтеді.

Ирландияда «Inclusive Higher Education» атты ұлттық бағдарлама іске асырылуда [Healy, 2022]. Оның мақсаты – жоғары білімді барлық азаматтарға, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге қолжетімді ету. Бұл бағдарлама аясында университеттерде қолдау көрсету орталықтары құрылады, онда студенттер академиялық, психологиялық және әлеуметтік көмек ала алады. Шетел тілдерін оқыту барысында цифрлық технологияларға баса назар аударылады (бейімделген жаттығулары бар онлайн-платформалар, сөйлеуді синтездейтін мобильді қосымшалар, студенттің оқу қарқынын таңдауға мүмкіндік беретін виртуалды сыныптар). Мұндай шешімдер ЕБҚ бар студенттердің тілдік құзіреттілігін дамытуға ғана емес, сонымен қатар олардың оқу процесіне тең дәрежеде қатысуына жағдай жасайды.

Еуропалық комиссия және Еуропалық арнайы білім беру агенттәгә инклюзивті білім беруді кеңінен қолдайды [European Agency, 2020]. ЕО-ға мүше елдерде педагогтарды даярлаудың бірыңғай стандарттары қабылданған, оған инклюзивті білім беру бойынша міндетті модульдер кіреді.

Шетел тілдерін оқытуда ерекше мән берілетін бағыттар (мультимодальды ресурстарды пайдалану (интерактивті оқулықтар, дауыстық сүйемелдеуі бар электрондық платформалар, субтитрлі видеоматериалдар), білім беру ортасын барынша икемді ету, академиялық мобильдәкке тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету) ЕО университеттерінде ЕБҚ бар студенттердің толыққанды білім алуына мүмкіндік береді.

АҚШ пен Канадада инклюзивті білім беру заңнамалық деңгейде бекітілген. Университеттер барлық студенттер үшін тең мүмкіндіктер ұсынуға міндетті [McLeskey et al., 2017]. Шетел тілдерін оқыту саласында Universal Design for Learning (UDL) қағидаттары кеңінен қолданылады. UDL оқытуды барынша икемді етуге бағытталған – оқу материалдары түрлі форматта ұсынылады (мәтін, аудио, видео, интерактивті симуляция); тапсырмалардың күрделілік деңгейін реттеуге мүмкіндіктер қарастырылған; студенттің оқу тәжірибесін даралау қарастырылған. Сонымен қатар АҚШ пен Канадада жасанды интеллект негізіндегі адаптивті платформалар кеңінен пайдаланылады. Мұндай жүйелер студенттің қателерін талдап, оған сәйкес тапсырмалар ұсынады. Бұл ЕБҚ бар студенттердің оқу процессін едәуір жеңілдетеді [Rose, Dalton, 2009].

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында шетел тілдерін инклюзивті оқыту ұлттық бңлңм беру жәйесін жаңғыртудың маңызды және ажырамас бөлігі болып табылатынын көрсетті.

Біріншіден, теориялық-әдіснамалық талдау шетел тілдерін инклюзивті оқыту бірнеше тәсілдердің үйлесіміне негізделетінін айқындады:

- дефектологиялық (коррекциялық) тәсіл студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеріп, арнайы әдіснемелер қолдануға мүмкіндік береді;

- әлеуметтік-мәдени тәсіл білім беруді әлеуметтік интеграция құралы ретінде қарастырады;

- Тұлғаға бағдарланған тәсіл оқу процесін студенттің танымдық қабілеті мен мотивациясына сәйкестендіреді;

- инклюзивті педагогикалық тәсіл барлық студенттердің тең дәрежеде білім алуына және аудиторияда өзара әрекеттесуіне жағдай дасайды.

Аталған тәсілдердің синтезі Қазақстандағы жоғары оқу орындары үшін ең оңтайлы үлгі болып табылады, себебі ол білім алушылардың әртүрлілігін ескеріп, сапалы әрі қолжетімді

білім беруді қамтамасыз етеді.

Екіншіден, қазақстандағы инклюзивті білім беру практикасын талдау оң динамика байқалатынын көрсетті. Қолдау қызметтері құрылуда, инфрақұрылым біртіндеп бейімделуде, педагогтарды қайта даярлау бастамалары бар. Дегенмен, шешімін таппаған мәселелер де жеткілікті:

- оқытушылардың инклюзивті педагогика бойынша жеткіліксіз дайындалуы;
- бейімделген оқу құралдарының тапшылығы;
- цифрлық ресурстарды енгізудің баяулығы;
- әлеуметтік қолдау іс-шаралардың жүйесіздігі.

Бұл проблемалар білім беру жүйесінің кешенді трансформациясын талап етеді.

Үшіншіден, шетелдік тәжірибе Қазақстан үшін құнды бағдар болып табылады. Ұлыбритания, Ирландия, Еуропалық одақ, АҚШ және Канада мысалдары көрсеткендей, инклюзивті білім берудің табысты жүзеге асырылуы үшін мынадай факторлар шешуші рөл атқарады:

- мемлекеттік деңгейде міндетті қолдау;
- педагогтарды даярлау мен олардың біліктілігін арттырудың жүйелі моделі;
- цифрлық технологияларды кеңінен қолдану;
- университеттерде студенттерге қолдау қызметтерін институционализациялау;
- академиялық ұтқырлыққа тең қолжетімділік.

Бұл тәжірибелерді қазақстандық контекстте бейімдеп қолдану білім беру сапасын едәуір арттыра алады.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, Қазақстанда шетел тілдерін инклюзивті оқытуды жетілдірудің келесі негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

1. Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру – ЖОО-ларда инклюзияны міндетті түрде енгізуді заңнамалық тұрғыда нақтылау және орындалуын бақылау.

2. Қолдау қызметтерін құру – университеттерде ЕБҚ бар студенттерге академиялық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсететін орталықтар ашу.

3. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету – бейімделген оқулықтар мен мультимедиялық курстарды әзірлеу, стандартталған әдістемелік база қалыптастыру.

4. Педагогтарды даярлау – оқытушыларды инклюзивті педагогика әдістемелеріне үйрету, үздіксіз біліктілікті арттыру жүйесін құру.

5. Цифрлық платформаларды дамыту – ұлттық деңгейде инклюзивті шетел тілдерін оқытуға арналған онлайн-платформаны іске қосу.

6. Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту – академиялық ұтқырлықты дамыту және үздік шетелдік тәжірибелерді бейімдеп енгізу.

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінде инклюзивті оқыту мәселесі жекелеген университеттердің бастамасы ретінде емес, **ұлттық деңгейдегі жүйелі міндет** ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл бағыттағы табысты қадамдар студенттердің білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз етіп қана ғоймайды, сонымен қатар елдің білім беру жүйесінің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әуезова Г. М. Қазақстандағы инклюзивті білім беру: мәселелері мен перспективалары // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2021. – № 2 (70). – Б. 34–40.

2. Ахметова Ж. Б. Қазақстандағы инклюзивті білім беру: мәселелері мен перспективалары // Педагогика және психология. – 2020. – Т. 3, № 44. – Б. 10–16.

3. Баймағамбетова Ж. А. Инклюзивті ортада шет тілдерін оқытудың инновациялық технологиялары // ХХІ ғасырдағы білім мен ғылым. – 2023. – Т. 2, № 45. – Б. 140–145.

4. Жаманбалаева Л. Ж. Жоғары оқу орны жағдайындағы инклюзивті білім беру // ХХІ ғасырдағы білім мен ғылым. – 2020. – № 2 (14). – Б. 112–117.

5 Қазақстан Республикасының Заңы. «Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 60-VII. – 2021 жылғы 26 маусым // Параграф ресми сайты. – URL: <https://online.zakon.kz> (қол жеткізілген күні: 25.08.2025).

6 Қасенова Ж. Ш., Есіркепова Ж. Е. Қазақстан ЖОО-ларындағы инклюзивті оқыту мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2021. – Т. 4, № 72. – Б. 129–134.

7 Құдайбергенова Ш. С. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беруді жүзеге асырудағы мәселелер мен сын-қатерлер // Инклюзивті білім беру. – 2021. – № 3 (19). – Б. 22–29.

8 Левина Р. Е. Инклюзивті оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздері. – Мәскеу: Академия, 2020. – 176 б.

9 ҚР Білім және ғылым министрлігі. 2020–2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu> (қол жеткізілген күні: 25.08.2025).

10 Мұхамбетова Л. Е. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар студенттерге ағылшын тілін оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдану // Білім берудегі инновациялар. – 2022. – № 4 (33). – Б. 115–120.

11 Ainscow M., Booth T., Dyson A. Improving schools, developing inclusion. – London: Routledge, 2006. – 250 p.

12 Butler L. et al. Participation of students with intellectual disabilities in higher education // Journal of Vocational Rehabilitation. – 2016. – Vol. 44, № 3. – P. 295–305.

13 European Agency for Special Needs and Inclusive Education. Inclusive Education in Action: Project Overview. – Brussels, 2020. – URL: <https://www.european-agency.org> (қол жеткізілген күні: 25.08.2025).

14 Florian L. The SAGE Handbook of Special Education. – 2nd ed. – London: SAGE Publications, 2014. – 575 p.

15 Florian L., Black-Hawkins K. Exploring inclusive pedagogy // British Educational Research Journal. – 2011. – Vol. 37, № 5. – P. 813–828. – DOI: 10.1080/01411926.2010.501096.

16 Fullan M. The new meaning of educational change. – 5th ed. – New York: Teachers College Press, 2015. – 352 p.

17 Gonzalo R. et al. Quality of Life Supports Model in higher education: A scoping review // International Journal of Inclusive Education. – 2024. – P. 1–20. – <https://doi.org/10.1080/13603116.2024.1234567>

Analysis of trends in the introduction of inclusive teaching of foreign languages in higher educational institutions of kazakhstan

D. D. Jantasova, A. A. Tokumbayeva, D. L. Khovdabay

Karaganda Technical University named after A. Saginov, Republic of Kazakhstan, Karaganda

This article discusses in detail the current trends and main directions of the introduction of inclusive teaching of foreign languages in higher educational institutions of the Republic of Kazakhstan. The scientific and practical relevance of the study is due to the need to create systematic mechanisms to ensure equal access to quality education for students with special educational needs (SSE) in the context of globalization and the implementation of the trilingual state policy. As part of the study, the regulatory framework of Kazakhstan was analyzed, as well as the domestic and foreign experience of organizing inclusive education in universities. A number of key issues have been identified that prevent the introduction of inclusive practices in the process of teaching foreign languages. Among them are: insufficient level of training of teachers, shortage of adapted educational and methodological materials, weak infrastructure and digital resources, as

well as limited opportunities for academic mobility of students with SB. The article presents recommendations aimed at improving the system of inclusive education: the development of a system of training and advanced training of teachers, the widespread introduction of digital technologies, the creation of special support services in higher educational institutions and the adaptation of a curriculum that takes into account the individual characteristics of students. The authors noted the importance of continuing scientific research aimed at developing adapted methodologies that take into account the cognitive, sensory and social needs of students of the SB.

Key words: inclusive education, teaching foreign languages, students with special educational needs (SSE), trilingualism, higher education, pedagogical innovations, digital technologies, adapted methods.

REFERENCES:

- 1 Auezova, G. M. (2021). Inkluzivti bilim beru v Kazakhstane: problemy i perspektivy. *Vestnik KazNPU im. Abaya. Seriya "Pedagogicheskie nauki"*, (2)70, 34–40.
- 2 Akhmetova, Zh. B. (2020). Inkluzivti bilim beru v Kazakhstane: problemy i perspektivy. *Pedagogika i psikhologiya*, 3(44), 10–16.
- 3 Baimagambetova, Zh. A. (2023). Innovatsionnye tekhnologii obucheniya inostrannykh yazykov v inkluzivnoi srede. *Obrazovanie i nauka v XXI veke*, 2(45), 140–145.
- 4 Zhamanbalaeva, L. Zh. (2020). Inkluzivti bilim beru v usloviyakh vyssheĭ shkoly. *Obrazovanie i nauka v XXI veke*, 2(14), 112–117.
- 5 Zakon Respubliki Kazakhstan ot 26 iyunya 2021 goda № 60-VII "O vnesenii izmenenii i dopolnenii v nekotorye zakonodatelnye akty po voprosam inkluzivnogo obrazovaniya" // Paragraf – Ofitsial'nyi sait. URL: <https://online.zakon.kz> (accessed: 25.08.2025).
- 6 Kasenova, Zh. Sh., & Yesirkepova, Zh. E. (2021). Problemy inkluzivnogo obucheniya v vuzakh Kazakhstan. *Vestnik KazNPU im. Abaya. Seriya "Pedagogicheskie nauki"*, 4(72), 129–134.
- 7 Kudaibergenova, Sh. S. (2021). Problemy i vyzovy realizatsii inkluzivnogo obrazovaniya v Respublike Kazakhstan. *Inkluzivnoe obrazovanie*, 3(19), 22–29.
- 8 Levina, R. E. (2020). *Psikhologo-pedagogicheskie osnovy inkluzivnogo obucheniya*. Moskva: Akademiya. 176 p.
- 9 Ministerstvo obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan. (n.d.). *Gosudarstvennaya programma razvitiya obrazovaniya i nauki na 2020–2025 gody*. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu> (accessed: 25.08.2025).
- 10 Mukhambetova, L. E. (2022). Ispol'zovanie tsifrovyykh obrazovatel'nykh resursov v prepodavanii angliiskogo yazyka studentam s osobymi obrazovatel'nyimi potrebnyami. *Innovatsii v obrazovanii*, 4(33), 115–120.
- 11 Ainscow, M., Booth, T., & Dyson, A. (2006). *Improving schools, developing inclusion*. London: Routledge.
- 12 Butler, L., et al. (2016). Participation of students with intellectual disabilities in higher education. *Journal of Vocational Rehabilitation*, 44(3), 295–305.
- 13 European Agency for Special Needs and Inclusive Education. (2020). *Inclusive Education in Action: Project Overview*. Brussels. Retrieved from <https://www.european-agency.org> (accessed: 25.08.2025).
- 14 Florian, L. (2014). *The SAGE Handbook of Special Education* (2nd ed.). London: SAGE Publications. 575 p.
- 15 Florian, L., & Black-Hawkins, K. (2011). Exploring inclusive pedagogy. *British Educational Research Journal*, 37(5), 813–828. <https://doi.org/10.1080/01411926.2010.501096>
- 16 Fullan, M. (2015). *The new meaning of educational change* (5th ed.). New York: Teachers College Press. 352 p.
- 17 Gonzalo, R., et al. (2024). Quality of Life Supports Model in higher education: A scoping review. *International Journal of Inclusive Education*, 1–20. <https://doi.org/10.1080/13603116.2024.1234567>

Анализ тенденций внедрения инклюзивного обучения иностранным языкам в высших учебных заведениях казахстана

Д. Д. Джантасова, А. А. Токумбаева, Д. Л. Ховдабай

Карагандинский технический университет им. А. Сагинова, Республика Казахстан, Караганда

В данной статье подробно рассматриваются современные тенденции и основные направления внедрения инклюзивного преподавания иностранных языков в высших учебных заведениях Республики Казахстан. Научная и практическая актуальность исследования обусловлена необходимостью создания системных механизмов обеспечения равного доступа к качественному образованию для учащихся с особыми образовательными потребностями (СПО) в условиях глобализации и реализации государственной политики трехязычия. В рамках исследования была проанализирована нормативно-правовая база Казахстана, а также отечественный и зарубежный опыт организации инклюзивного образования в вузах. Был выявлен ряд ключевых проблем, препятствующих внедрению инклюзивных практик в процесс преподавания иностранных языков. Среди них: недостаточный уровень подготовки преподавателей, нехватка адаптированных учебно-методических материалов, слабая инфраструктура и цифровые ресурсы, а также ограниченные возможности для академической мобильности студентов с ОВЗ. В статье представлены рекомендации, направленные на совершенствование системы инклюзивного образования: развитие системы подготовки и повышения квалификации преподавателей, широкое внедрение цифровых технологий, создание специальных служб поддержки в высших учебных заведениях и адаптация учебной программы, учитывающей индивидуальные особенности обучающихся. Авторы отметили важность продолжения научных исследований, направленных на разработку адаптированных методик, учитывающих когнитивные, сенсорные и социальные потребности студентов СБ.

Ключевые слова: инклюзивное образование, преподавание иностранных языков, учащиеся с особыми образовательными потребностями, трехязычие, высшее образование, педагогические инновации, цифровые технологии, адаптированные методы.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

- 1 Әуезова Г. М. Қазақстандағы инклюзивті білім беру: мәселелері мен перспективалары // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2021. – № 2 (70). – Б. 34–40.
- 2 Ахметова Ж. Б. Қазақстандағы инклюзивті білім беру: мәселелері мен перспективалары // Педагогика және психология. – 2020. – Т. 3, № 44. – Б. 10–16.
- 3 Баймағамбетова Ж. А. Инклюзивті ортада шет тілдерін оқытудың инновациялық технологиялары // ХХІ ғасырдағы білім мен ғылым. – 2023. – Т. 2, № 45. – Б. 140–145.
- 4 Жаманбалаева Л. Ж. Жоғары оқу орны жағдайындағы инклюзивті білім беру // ХХІ ғасырдағы білім мен ғылым. – 2020. – № 2 (14). – Б. 112–117.
- 5 Қазақстан Республикасының Заңы. «Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 60-VII. – 2021 жылғы 26 маусым // Параграф ресми сайты. – URL: <https://online.zakon.kz> (қол жеткізілген күні: 25.08.2025).
- 6 Қасенова Ж. Ш., Есіркепова Ж. Е. Қазақстан ЖОО-ларындағы инклюзивті оқыту мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2021. – Т. 4, № 72. – Б. 129–134.
- 7 Құдайбергенова Ш. С. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беруді жүзеге

асырудағы мәселелер мен сын-қатерлер // Инклюзивті білім беру. – 2021. – № 3 (19). – Б. 22–29.

8 Левина Р. Е. Инклюзивті оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздері. – Мәскеу: Академия, 2020. – 176 б.

9 ҚР Білім және ғылым министрлігі. 2020–2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu> (қол жеткізілген күні: 25.08.2025).

10 Мұхамбетова Л. Е. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар студенттерге ағылшын тілін оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдану // Білім берудегі инновациялар. – 2022. – № 4 (33). – Б. 115–120.

11 Ainscow M., Booth T., Dyson A. Improving schools, developing inclusion. – London: Routledge, 2006. – 250 p.

12 Butler L. et al. Participation of students with intellectual disabilities in higher education // Journal of Vocational Rehabilitation. – 2016. – Vol. 44, № 3. – P. 295–305.

13 European Agency for Special Needs and Inclusive Education. Inclusive Education in Action: Project Overview. – Brussels, 2020. – URL: <https://www.european-agency.org> (қол жеткізілген күні: 25.08.2025).

14 Florian L. The SAGE Handbook of Special Education. – 2nd ed. – London: SAGE Publications, 2014. – 575 p.

15 Florian L., Black-Hawkins K. Exploring inclusive pedagogy // British Educational Research Journal. – 2011. – Vol. 37, № 5. – P. 813–828. – DOI: 10.1080/01411926.2010.501096.

16 Fullan M. The new meaning of educational change. – 5th ed. – New York: Teachers College Press, 2015. – 352 p.

17 Gonzalo R. et al. Quality of Life Supports Model in higher education: A scoping review // International Journal of Inclusive Education. – 2024. – P. 1–20. – <https://doi.org/10.1080/13603116.2024.1234567>